

Аннотация

Методикалық қолданба Педагогикалық институттардың «Бейнелеу өнері және инженерлік графикасы» бакалавр тәлім бағдары және орта арнаулы Педагогикалық колледжлердің мұғаллімдері және студенттеріне арналған.

А. Алдабергенов: Педагогика Жоқары оқу білім жұртында «Бейнелеу өнерін үйретудің тәсілдері» (методикалық қолданба) Нөкіс-2013-жыл 65-бет.

А. Алдабергенов НМПИ «Бейнелеу өнері және инженерлік графикасы» графикасы кафедрасы оқытушысы.

Методикалық қолданба мектеп курсы «Бейнелеу өнері» сабақтырының программасына байланысты болып, бунда әр бір бөлімде кең көлемде теориялық материалдар өз бетінше шынығулар баяндалған. II-сынып ұшын I-жылдық иллюстрацияның үлгі жоспары, қағаз пластикасы әліпбесі, педагогикалық суреттер, адамның суретін салу ізбе-іздігі көрсетілген, және ойын тапсырмалардан пайдалану жолдары ізбе-іздіктері көрсетілген.

Бейнелеу өнері туралы қысқаша гермонологылық сөздіктер көрсетілген.

Пікір білдірушілер.

1. НМПИ. п.и.к. Х. Аляминов.
2. Өзбекістанға еңбегі сінген жастар устазы, Өзбекістан бейнелеу Академиясының Қарақалпақстан бөлімі ағзасы: Ж. Лепесов.

КІРІСПЕ

Мектеп-сапалы да саналы жеткіншектер тәрбиелеу, балаларға ұлттық тәрбие, ұлттық білім беру, халқымыздың мәдениетін, дәстүрін, өнерін өз ұландарының бойына сіндірудегі ұлы бағыттың қайнар көзі. «Білім көзі-бастауышта» дегендей-ақ балалардың жан дүниесін, сана-сезімін, білім дағдысын қалыптастырушы бастауыш сынып мұғалімдері үшін біздің Өзбекстан аймағында бейнелеу өнері бойынша нақты материалдар жоқтың қасында. Болашақ мұғалімдерге, тәрбиешілерге заманға сай білім мен жақсы практикалық дағды беру-қазіргі заман талабы.

Құрметті Президентіміз И. Каримовтың «Бізден көре күшті білімді, дана және әрине бақытты болу қажет»-деген баянатты әнгімесінде садықтық пенен жуап бере отырып институт қоғамы алдағы кезде мемлекетіміз еркіндікті мықтау жолында және жоқары шынды йелеп дөретиушілік іздеп табысты қызмет атқарып келуде.

Сондай-ақ, Президентіміз И. Каримовтың 1997-жыл 23-августтағы Өзбекстан Республикасы Жоқары Кеңесі ІХ сессиясында сөйлеген сөзінде жаңа әуладты тәрбиелеуге олардың кәсіби, ойлауы, сияси дайындығы түрінде педагогик процессінің өмірі және заманға сай жаңалануларды беккемдеуге тиісті қойылатын үлкен тәжірібени анық белгілеп берди.

Осынау жауапты да күрделі міндетті шешуде, болашақ мұғалімдерге көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруде бейнелеу өнері пәнінің мұғалімдеріне зор жауапкершілік жүктеледі.

Бейнелеу өнері және оның методикасы педагогикалық институттардың педагогика және бастауыш тәлім факультеттерінде жүргізілетін пәндердің қатарына жатады. Бағдарлама бойынша бұл сабақтарды меңгеруге көптеген практикалық сағаттар берілген. Сонымен қатар бұл факультеттерде бейнелеу өнерін оқып үйрену арқылы студенттерді өнері теориясы мен методикасын, графикалық сауаттылықты

меңгеру мен ара қашықты қалыптастыруға, берілген тапсырмаларды дұрыс орындауға тәрбиелейді.

Педагогикалық институттардың бастауыш тәлім факультетінде және орта мектетерде жүргізілетін пәндердің ішінде бейнелеу өнері негізгі пәндердің бірі деп есептесек те болады. Сурет салуды сүю-өмір парасатын өсіреді, танымын кеңейтеді, ізгілікке үйретеді. Білім алып жатқан барлық факультеттердегі қазақ бөлімі студенттерінің көбі ауыл мектептерінен келіп түсетінін ескерсек, олардың бейнелеу өнері туралы теориялық білімдері көбіне жеткілікті болмай жататыны белгілі.

Сондықтан республикамызда қазақ тілінде сурет салудан методикалық нұсқаулар, оқулықтар бұған дейін жарық көрген жоқ десек артық айтқан болмайды. Қазіргі өмір талабы осыған үлкен көңіл бөлуді қажет етеді.

Әрине, мұндай шағын кітапшада бейнелеу өнерінің барлық қыр-сырын егжей-тегжейін баяндап шығу мүмкін емес. Ұсынылып отырған бұл еңбектің негізгі мақсаты-сурет салудың қыр-сырларын оның ең басты қағидаларын меңгеру жолдары, бояумен жұмыс істеудің тиімді әдістері, шрифттер, адам кейпін пішіндеу, қағаз пластикасы, бейнелеу өнерінде қолданылатын материалдар және т.б. жөнінде қысқаша мәліметтерге көңіл бөлінеді.

Кітапшада бағдарлама бойынша теориялық білімдер мен оқытудың методикасын, үйде орындалатын жаттығу жұмыстарының әдістері мен тәсілдері туралы түсінік беріледі.

Соңында бейнелеу өнері пәнінің бір жылдық иллюстратив-календарлық үлгі жоспарын түзіп ұсынып отырмыз. (2-сынып үшін)

Сонымен бірге, бейнелеу өнерінің түрлері бойынша сабақ өтуге бағыт-бағдар береміз.

Қысқаша терминологиялық сөздікті ұсыныс етеміз.

Кітапша мектептердегі бейнелеу өнері сабағының мұғалімдеріне, педагогикалық институттардың бейнелеу өнері және инженерлік графикасы бакалавр тәлім бағдары факультеті студенттеріне көмекші құрал ретінде ұсынылады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СУРЕТТЕР

Педагогикалық сурет – бейнелеу сабақтарының барлық түрлері бойынша қолданылады. Бейнелеу өнерінің мұғалімі көрнекі құралдармен қатар оқу процесінде педагогикалық суретті жиі оқушы-дәптерінің шетіне салынатын суреттер. Педагогикалық суреттің тәрбиелік маңызы өте үлкен.

Бұл суреттер оқушылардың бейнелеуге деген қызығушылығын арттырады.

Оқушылардың жіберген қатесін жөндеуге көмектеседі.

Суретті қалай салу керектігі жөнінде бағыт береді.

Бейнелеу жолдарын демонстрациялық түрде көрсетеді.

Оқушылардың өздігінен жұмыс жасау кезінде мұғалім кейбір оқушыға жеке жәрдем көрсетеді. Мұғалім оқушының сурет дәптерінің шетіне бейнелеу жолдарын, жіберілген қатені түзеу жолдарын көрсетіп, түсініктер береді.

Педагогикалық сурет әр уақытта мұғалімнің сөзімен қатар жүргізіледі.

Тақтаға салынған сурет мүмкіндігінше көлемді болғаны жөн. Себебі, сурет кіші болса анық көрінбеуі мүмкін.

Оқушы дәптерінің шетіне салынған сурет белгілі бір бейнелеу әдістерін түсіндіру немесе көрсету мақсатында болуы керек.

Педагогикалық сурет салу үшін түрлі материалдардан пайдаланған жөн: акварель бояулары, көмір, сангина, түрлі - түсті қалам, гуаш және т.б.

Педагогикалық сурет дағдыларын меңгеру үшін бірнеше жаттығуларды жасап көрсету қажет.

- Эскиздер мен зарисовкалар жасау
- Адам портретінің схемалық суреттерін салу.
- Тональдық суреттер салу.
- Акварельмен бояу техникасын меңгеру үшін жаттығулар жасау.

Осындай бағытпен толық түсінік берген соң жеке шығармаларға тоқталып, оларды талдап түсіндіреді. Бұл кезеңде картинаның идеялық мазмұны және көркемдік ерекшелігімен қатар ол қайсы жанрға жазылған туынды екендігіне, бейнелеу өнерінің қай түріне жататындығына оқушылардың назары аударылады.

Бір түспен салынған картиналар графикалық шығармаларға жатады.

Графикалық жұмыстар кейде түрлі – түсті болып орындалады. Бірақ живописьтік шығармаларда заттың көлемі бояулармен біргелесе графикалық шығармаларда штрихтер, сызықтар және нүктелер арқылы беріледі. Графикалық жұмыстар қаламмен, туспен салынады немесе ағаш, тас, линолеум бетіне ою арқылы сурет салынады да оның бетіне бояу жағып, қағаз бетіне түсіріледі.

Оқушыларға әңгіме өткізу барысында живопись және графика шығармаларының бір-бірінен айырмашылығын түсіндірген жөн. Содан соң көркемдік ерекшелігі айтылады.

- Бұл сурет қандай бояулармен салынған?
- Ақ және қара түстермен.
- Шығарма бейнелеу өнерінің қай түріне жатады?
- Живописьтік жұмыстар мен графикалық жұмыстардың айырмашылығы қандай?

Графикалық бір түсті бояулармен, штрихтермен, сызықтармен салынады, живопись түрлі-түсті бояулармен салынады.

Белгілі өзбек мүсіншісі С.Адилов Ташкент қаласындағы Абу Али ибн Сина атты монументальдық скульптура туындысы. Бұл көлемді мүсін Абу Али ибн Синаның үлкен ғалым бейнесінен құралған. Бұл мүсіндегі ғалымның қимылдарынан көз-қарастарынан еңбек адамының символдық түрде берілген. Мүсін барлық жаңалықтардың шекараланған жерін өз ішіне алады. Мүсін тот баспайтын мыс, мрамор, тас, бетон, гипс сияқты материалдардан жасалады.

Мүсіндер станоктық және монументальдық болып екі түрге бөлінеді. Станокты мүсін көрмелерге қою үшін жасалады да, көлемі шағып болады. Манументальдық мүсіндер үйлердің сыртқы бөлегіне қойылады. Олардың көлемдері өте үлкен болады.

Педагогикалық сурет салудың мынандай әдіс тәсілдері мына суреттерде көрсетілген



1-супет



1



2



3





4

2-супер



3-супет




4-сурет




1



2




3




4


5-супер




1



2




3




4


6-супер



1



2



3




4

7-супер



1



2





3




4


8-супет




9-сүрөт



1




2




3


10-супер




Нексия




Дамас




Камаз




Автобус




1



2




3



4

12-супер




1




2

13-супер



3




14-супер


Үй жануардары



Ит




Қой



Үйрек

15-сурет


Жабайы жануардары



Киік баласы



Тырна



16-сурет

Қырғауыл

Бейнелеу өнері туралы әңгімелеу

/ 3-сынып /

Сабақтың түрі: Бейнелеу өнері туралы әңгімелеу.

Сабақтың тақырыбы: Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары.

Сабақтың мақсаты: Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары туралы нақты мысалдар келтіре отырып, бейнелеу өнерінің негізгі ұғымдарын түсіндіріу, оқушылардың бейнелеу және оны түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Сабақтың көрнекілігі:

Мұғалім үшін—экран, проекциялық фонарь, көрсеткіш.

Шығармалардың түрлі-түсті репродукциялары.

Оқушылар үшін—дәптер, қалам.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі – 2-3 мин.
2. Сабақтың түсіндіру – 40 мин.
3. Сабақты қорытындылау – 2 мин.

Сабақтың барысы.

Кіріс сөз. Көркем өнер мақсатына, орындалу техникасына байланысты музыка, бейнелеу өнері, театр, кино, қол өнер болып бірнеше салаға бөлінеді. Бұлардың әр қайсысы өмір шындығын өз мүмкіндіктері мен әсерлі етіп жеткізу мақсатын көздейді. Мысалы, музыка өмір шындығын дыбыс, көркем әдебиеттік, бейнелеу сызық, нүкте бояулармен, кескіндеп көрушіге әсер қалдырады. Театр мен кино бірнеше өнер түрлерінің /әдебиет, музыка, бейнелеу өнерінің/ жиынтығынан жасалады. Ал қолданбалы өнер тұрмыс заттарын безендіреді.

Көркем өнердің бір түрі – сәулетшілік өнері. Онда үйдің архитектуралық құрылысы мен әсемдігі көрсетіледі.

Өнердің әрбір саласы бірнеше түрлерге, ал түрлері жанрларға бөлінеді. Сондай-ақ бейнелеу өнеріне: живопись, графика, мүсін және сәндік қолөнер жатады. Олар: тарихи, тұрмыстық, баталдық/соғыс/, пейзаж және натюрморт жанрларына бөлінеді. Әрбір жанрдың өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ бейнелеу өнерінің барлық түрлері мен жанрлары өмір шындығын реал түрде бейнелейді.

1-2-3-4 суреттерде көрсетілген





1. Кескіндеме



2. Мүсіндеу



3. Архитектура



17-сурет 4. Сәндік қолданбалы өнер

ҚАҒАЗ ПЛАСТИКАСЫ

Ұсынып отырған курс (сабақ)ымыз қағаздан конструкция жасау.

Негізінде қағазбен жұмыс істеу болып – конструкциялық және пластикалық қасиетке ие болған материал, ол әрбір жас өспірімге де таныс.


Әрине, қағаз пластикасымен шұғылдануын әр түрлі өнер тарауындағы білім қоры бар болуына байланысты деп ойлаймыз. Бұл жерде қарапайым схемалармен сызбаларды оқи білу, түрлі қиындықтағы пішуді жасай білу қажет болған; кеңістік ортаны сезу қабілеті, жазықтықта бейнелеудің негізгі тәсілдерін білу және конструкциялауда алғашқы практикалық дағдыларын білу қажет. Бірақ қажетті дағды, өзінің қатарына, конструкциялық әрекет нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Осыған мүмкіндік жаратушы жаттығулар жеңіл композиция мен жеке бұйымдар жасау. Қандай жағдай болса да, конструкциялау аналитикалық характерлі қызметке байланысты стандартқа сәйкес емес пікірлеуді қалыптастырушы қабілет.

Сабақтың негізі міндеті мынау: адамдарды қағазбен жасалған оригиналдық сәулет өнеріне /скульптура / қызықтыру конструкциялаудың негізі принциптерін түсіндіру және ұғындыру. Қағаз пластика техникасын түсіну және оны пайдалану келешекте шүбәсіз жастарға түрлі мамандықта шексіз шығармашылық қызметінде өте тиімді мүмкіншілікке ие болады.

Жұмыс жабдықтары

Қағаз пластикасы сабақтарын ұйымдастыруда қарапайым аспаптар тізімі қажет: қағаз болуы, желім «ПВА», пышақ, біз, қайшы, спица /біз/ тоқыма, тескіш, ойғыш /пробойник/, өлшегіш, циркуль.

18-сурет




Қағаз пластикасы әліппесі

Көптеген адамдар бейнелейтін, әдеттегі сызба қағазынан көлемді конструкциялы түрлі бұйымдар жасауға болады.

Мысалы, аңдардың, құстардың, хайуанаттардың, адамдардың фигураларын машина моделдерін, архитектура элементтерін және т. б.


Жаттығулар орындау арқылы қағаз пластика әліппесін үйренуге тиіспіз. Ол үшін 10х10 см өлшемді қағаздарды даярлап алу қажет.

19-сурет



ЖАТТЫҒУЛАР


1. Форматы диагональ бойынша қисық кесу орындалған соң қағаздың сыртқы бетіне /екінші беті/ екі кесуді бірінші кесу бағытында істелсін.



20-сурет




2. Қатар параллель тілік ара қашықтығы 5 см орындалады, кесілген сызықтар бойынша қағаз иіледі/майыстырылады/, кейін қағаздың сырт бетінде сызықтардың аралығынан тілінеді. Нәтижесінде гармошка сияқты фактура шығады.




21-сурет

3. Ирек тіліктерді /тілік ирек қозғалыста/ орындау алдыңғы тапсырмаларда қолданған жолдармен орындалады. Толқын сияқты фактура болып, кір жуатын тақтайға ұқсайды.




22-сурет

4. Қағаздың бір бет жағынан тіліктер орындалады арақашықтығы 1-1,5 см. Содан соң дөңгелек қаламан немесе спицамен кесілген бетін іште қалдырып ораймыз. Бір беті толқын сияқты, ал екінші беті— бөрене қабырғаға ұқсайтын фактура келіп шығады.




23-сурет

5. Циркульмен шеңбер сызып және қырқып алынады, соң кесіледі, арақашықтары 1 мен 3 см, қағаздың сырт бетінде 2 мен 3 см. **Оқтардың** бірінен керегінше қырқып алынады да, кейін тілінген сызықтар бойынша иліп, майыстырылады. Бір уақытта формасын жиындап, қырқылған жері желімделеді.



24-сурет

6. Екі сызық жүргізіледі – кесіктер, айырылатын доғалар бір нүктеден шығып, екінші нүктеде қосылады. Сызықтар бойынша иілсе, қайық сияқты форма шығады.



25-сурет


7. Екі доға жүргізіледі – кесік /тілік/ екі жақтама орындалады. Х әріпі сияқты, **оқ жөнінде** симметрик жайласқан болып, сызықтар бірін-бірін кесіп өтпейді. Көбелек қанатына ұқсас конструкция шығады.

КӨГЕРШІН (кептер)

Суретте кептердің жасау схемасы берілген. Екі детальдан түзілген болып, бірінде кеуде, құйрық, аяқ және басы, басқасында – қосарланған қанаты.

Бірінші дайындықта сызылған сызықтар бойынша қырқып алып, құйрық бөлімінде кесіп өткен екі сызықты тіліп шығу қажет. Қанат пен құйрықтағы қиықтарды желімдеуден алдын орындалады. Қанатың өзіндегі сызық бойынша қырқып алынады, жіңішке сызық үстінен тілік жүргізіледі. Кесілген жерлерін тілдіріп құстың қанатын кеудесіне жайластырамыз /құрастырамыз/.

Осы жасау жолымен басқа құстарды да жасау мүмкін. Тапсырмалардың орындалуында жеке ыңғайын шеберлікпен таба білу-демек, шығармашылық басталуын көреміз.




27-сурет



ҚОЯН

Берілген схема бойынша барлық кесулерді орындау қажет. Ию жоғарғы бөлімнен басталады. Оң мен сол шетін бір уақытта ішке иіп біріктіреміз. Дайындауды вертикал бойынша жеңіл басып, соннан кейін біріктіріп желімделінеді. Сызылған нұсқа бойынша қоян басы ойып /кесіп/ алынады. Штрих сызықтарды сырт жағынан кесіледі. Қабақ үсті сүйектерін кесу. Жуан сызықтарды қырқып, тіліп спираль етіп оралады. Көздерінен ойық кесіледі. Бас дайындалып өз орнына желімделінеді. Спираль мұрын тығыз оралып, кейін желімденеді. Құлақ ортасынан кесіктер жүргізіледі. Элементке (1) спицамен ішке қарап орау істеп, кейін спираль – мұрын астына желімденеді.



Сол принципте бастың желке жағы (2) орындалады, басын кеудеге жалғастырғаннан соң желке бөлімінің қосымша элементі бастың тіркеушісі болады. Құйрықты (3) спицамен орап тиісті жеріне желімдеп қою керек болады.




28-сурет







29-сурет



30-сурет



31-супер




4

32-сурет


Қ Ұ Р Б А Қ А

Ең қарапайым болған құрбақаны орындау жолдарын көріп шығамыз. Оны құрастыру негізі шеңберлерден түзілген екі шеңберді радиусымен – 5 см ден қырқып алынады. Ішкі радиусы 4 см, басқасын сырт бетінен 3 см кесік жүргізіледі. Екеуден дөңгелектерді бір конструкцияға құрастырып желімделінеді. Бір нүктеде желімделіп кеудесімен басы, аузы ашық құрбақа болып шығады. Кескіні /конструкциясы/ суретте көрсетілген.




1


33-сурет



2



1



2

33-сурет

Ұсынылған техникада жаттығуларды меңгеру үшін, кірісуден алдын бір мысал арқылы қағаз пластикасының мәні туралы түсінік беруге әрекет жасаймыз.


Берілген суреттерде балықтар мен крокодилдің орындалу варианттары ұсынылған. Балық, айтарлықтай өте жеңіл орындалады. Тура сызық бойынша қағаздың екі беті иіледі және қайшы жәрдеміңде сызылған балық сұлбасымен /контур/ қырқылады.

Қағазды екіге ажыратып жібергенде белінде қыры қаттылығы бар болған көлемді балық көрінісі шығады.

Екінші варианта балықты жасауда доға тәрізді сызықтар элементі орындалып құйрық бөлімі шашақталып кесіп өтіледі, кейін керекті құрал - жабдықтар жәрдеміңде кесіп шығамыз.

Балық сыяқты тағы да бір мысалды қарастырсақ қолтырауынды /крокодилді/ қағазбен орындасақ та болады. Бірақ балықтан айырмашылығы бұл жерде конструктив негізі екі өзара кесіп өтуші ирек сызықтар болып табылады.

Бас бөлімінде сызықтар кесіп өтпейді, ал құйрық жақта, тек соңында кездеседі. Қисық сызықтар бойынша, кесік орындалып конструкциясы құрастырылады, кейін желімделеді.



34-сурет

АДАМНЫҢ СУРЕТІН САЛУ


Адам суретін салу үшін алдымен оның пропорциясын, белгілейтін өлшем бірліктерімен танысып алуымыз қажет. Адам басының биіктік өлшемі тұлғаны сегіз бастың биіктігіне тең болуы пластикалық пропорция болады. Мысалы, бас, иектен көкірек төске дейін, төс нүктесінен кіндікке дейін, тағы солай кете береді.

Ал кейде адамның бойына қарай әр түрлі ауытқулар болады, сондықтан тұлға кей кездерде жеті немесе жеті жарым бөлікке бөлінуі мүмкін. Жас балдардың өлшем бірліктері төрт немесе бес бөлікке тең келеді. Сонымен бас пен кеуде адамның жартысы болып табылады. Иықтың ені екі бастың биіктігіне тең. Бірақ бұл пропорциялар сәйкес келмей, ауытқи береді, көбінесе кем болып шығады.


Адамның сырт келбетін (нобайын) тездетіп қағаз бетіне түсіруде қозғалыс мінезін көрсете білу негізгі міндет, сонымен бірге пропорциясын, көлемін бере білу керек.

Сурет салғанда жұмысты жалпыдан бастап, ең алдымен адамның жалпылама формасын, ортақ пропорцияларын, жарық пен көлеңкені дұрыс салып алу қажет.

Адам тұлғасының суретін салып (35-сурет) үйренуге кірісеміз. Ол үшін денесі сымбатты, орта жастағы ер адамды салудан бастаған жөн. Мәселен, беті бері қарап түрегеп тұрған адамның nobайын салып үйренген соң, отырған адамның бейнесін салуға кірісеміз. Отырған адамды суретін салу анағұрлым қиынға соғады. Сондықтан ең алдымен оңайлау көріністе салып дағдыланған дұрыс. Мұндай суреттерді салып жаттыққан соң қимыл-қозғалыстағы адамның суреттерін салуға көшкен дұрыс.



Адам бет пішінінің пропорциясын ұсынамыз.



36-сурет


Мұрынның үстіңгі қырын қуа, бетін қақ жарып, төмен қарай тік сызық жүргізіледі. Жасалған бастың сұлбасын көлденең сызықтар арқылы бірдей етіп үшке бөлу керек. Төменгі бөлікті тең тағы да екіге бөлеміз, ол еріннің төменгі шеті болады.

Бастың биіктігін екіге бөлінген жерінен өткен сызықта көздің ұясын белгілейміз, бір аздап жоқарыдан қастың қисық сызығы жүргізіледі. Екінші көлденең сызықтың біткен жерінен мұрынның төменгі жағын (танауды) белгілейміз.


Құлақтың жоғарғы шеті қасқа тұстас, ал төменгі шеті танауға тұстас болуға тиіс. Екі көздің арасы көздің еніне, ал мұрынның жалпақтығы осы ара қашықтыққа тең болуы керек.

Қысқасы, адам басының құрылысындағы осы шамаларды естен шығармау керек.

Бірақ өмірде барлық адамдардың бет пішімі бірдей емес. Өйткені кейбір адамдардың мұрындары тым ұзын немесе қоңқақ болады. Кейбіреулердің жақ сүйектері өте шығыңқы келеді және т.б.



37-сурет




38-сурет


Бастың суретін салуда алдын анатомиялық заңдылығына назар аударып, беттің схемасын (түзілуін) зерттеу тиіс. Мұны білу басты дұрыс бейнелеуге ғана емес, сонымен бірге адамның мінезін, сезімдері мен қуаныш-күйінішін де беру үшін қажет.



39-сурет



40-сурет



41-сурет



42-сурет



43-сурет

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША СУРЕТ САЛУ ЖОСПАРЫ

(Зсынып)

Сабақтың түрі: Тақырыптық сурет салу.

Сабақтың тақырыбы: Көктемгі жер жырту.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға кеңістікті бейнелей білуге үйрету.

Композиция ұғымдарын түсіндіру.

Сабақтың көрнекілігі

Мұғалім үшін – бейнелеудің бірізділігін көрсететін көрнекі құрал – таблица. Живопись шығармаларының репродукциялары. Эпидиоскоп, экран.

Оқушылар үшін – дәптер, бояулар, қалам, өшіргіш, кнопка, т.б.

Сабақтың жоспары:


1. Ұйымдастыру кезеңі – 3 мин.
2. Жаңа сабақты түсіндіру – 12 мин.
3. Оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауы – 27 мин.
1. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру – 3 мин.

Сабақтың барысы:


Жаңа сабақ біздің салғалы отырған «Көктемгі жер жырту» суретінің тақырыбына ұқсас картиналардағы кеңістік пен композициялық құрылысын талдаудан басталады.

Мұғалім талдау барысында кеңістік пен композицияға қатысы терминдерді тыңдаушылардың естеріне салып, қысқаша түсініктерін сөздік діптерлеріне жаздырады.

Бірін бір суретшінің суретін, картинасын талдауда, картинадағы алдыңғы, ортаңғы және алыстағы композициялық көріністер туралы сөз жүргізу қажет. Картинадағы алдыңғы көріністегі бейнелер айқын, алыстағы көріністер бұлыңғыр етіп алынады. Картина фарматында жерді бейелеуге көп орын қалдырылады, аспанды бейнелеуге аз орын беріледі. Себебі дала кеңістігіндегі оқиғаны көрсету негізгі мақсат. Композициялық орталық – жер жыртқан трактордың бейнесі, адамдар мен қосалқы элементтер болуы мүмкін.



44-цурет



45-цурет

IV. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру

Сабақты қорытындылау кезінде мұғалім оқушыларға толық аяқталған сурет деп мынадай жағдайды айтуға болады.

1. Қағаз бетіне дұрыс орналастыру.
2. Пропорционалдық қатынастарын дұрыс табу.
3. Затты перспектива ережесіне сәйкес бейнелеу.
4. Жарық деңгейінің тоналдық қатнасының дұрыс көрсетілуі, кеңістік қалпын дұрыс бейнелеу.

Соңыра оқушылардың жақсы және жаман орындалған жұмыстарын бір-бірімен салыстырып талдау жасап беру қажет. Жақсы орындалған суреттерді үлгі ретінде көрсетіп отырған жөн.

Үйге тапсырма етіп құмыраның формасына жақын болған заттарды бейнелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:


2. В.С.Кузин. Методика преподавания изобразительного искусства в 1-3-сыныпах. М. «Просвещение». 1983 г.
3. Н.П.Костерин. Учебное рисование. М. «Просвещение». 1984 г.
4. Ә.Төлебиев. Сурет сала білесің бе? Алматы. «Өнер». 1990 ж.

ҚҰМЫРАНЫҢ СУРЕТІН САЛУДЫҢ МЕТОДИКАЛЫҚ САТЫЛАРЫ

Формадағы өлшемдер қатынастары әр түрлі. Құмыраның еніне қарағанда биіктік өлшемі үлкен, ал шардың өлшеміне қарағанда қиық конустың өлшемі кіші. Құмыраның бетіндегі жазулар тегіс емес, дөңес жазықтықтың қатарына жатады. Натурадағы жарық пен көлеңкенің қатынастары әр түрлі. Құмыраға оң жақтан жарық түсіп тұр. Осыған байланысты құмыраның сол жағына қарай жарық деңгейі біртіндеп қараңғы болып өзгереді. Жарық, жартылай жарық, көлеңке, түсіп тұрған көлеңке, рефлекс, блик деп аталады. Құмыра мен стол бетінің түстері және фонның түстері де әр түрлі. Құмыра – қоңыр, столдың беті – ақшыл көк, фон – ақшыл сұр. Сендер сурет салу барысында натураның осындай ерекшіліктерін өз жұмыстарында көрсетулерің керек.


Түсіндірген соң бейнелеудің бірізділігін көрсетуге арналған таблицадан пайдаланып, жұмыстың бірінші кезеңін орындауға көшеміз.

Бейнелеудің 1-кезеңі—зат көрінісін қағаз бетіне орналастыру. Натураның еніне қарағанда биіктігінің өлшемі ұзын. Сондықтан сурет салатын қағазды вертикаль жағдайда орналастыру қажет. Мұнан соң форматтың төменгі жағынан, жоғарғы жағынан бірдей шамада орын қалдырып биіктік өлшемін белгілейміз. Заттың енін форматтың горизонтал бағытына белгілеумен бірінші кезең аяқталады.



46-сурет

Бейнелеудің екінші кезеңінде заттың пропорционалдық үлкен өлшемдерін табу қажет. Оннан соң формасын тең екіге бөлетін симметрия сызығын тауып алу керек. Үлкен өлшем қатынасын тауып болғаннан кейін, ұсақ детальдың өлшемдерін белгілеу қажет /шеңбердің ені/.



47-сурет

Затты бейнелеудің үшінші кезеңі оның конструкциялық құрылысын бейнелеуге арналады. Бұл кезеңде шеңбердің перспективасына сәйкес көріністері заттың сыртқы сұлдерін /контуралын табу қажет. Бұл кезеңде сонымен қатар көлеңкенің түсіп тұрған формалық бетінің құрылысын талдау мен әр түрлі көленке деңгейлерінің градациялары жеңіл әрі жіңішке сызықтармен көрсетіледі.



48-сурет

Натураны бейнелеудің төртінші кезеңі жарықпен көлеңке қатынастарын табу арқылы штрихтар немесе бояулар мен заттың көлемін шығаруға арналады. Бейнелеудің бұл кезендерінде жарық жартылай, ал заттың өзінің көлеңкесінде рефлекс пен блик айқын көрсетілуі керек. Сонымен қатар заттың, столдың үсті мен фонға қарағандағы тонольдық қатынастары табылады. Түстердің перспективасы көрсетіледі.



49-сурет

Бейнелеудің соңғы кезеңі толық аяқталған сурет болып табылады.



50-сурет

3. Оқушылардың бейнелеу жұмысы.

Бейнелеу жұмысы уақытында мұғалім оқушылардың жіберген қателері мен өзі түзету жолдарын көрсетіп, үлгермеген оқушыларға жеке көмек көрсету жұмыстарын орындайды.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІН ЖЫЛДЫҚ ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ ҮЛГІ ЖОСПАРЫ

Педагогикалық системада барлық пәндерді оқу жылының басында барлық сыныптарда оқу жоспарына сәйкес жылдық жоспарлары түзілді. Бұлардың негізгі мақсаты-методикалық жақтан берілген бағдарламалық материалдарды оқу тоқсандарына педагогиканың дидактикалық принципі бойынша «Қарапайымнан күрделіге» деген тәрде дұрыс үйлестіру. Біздің орындайтын тапсырманың негізгі міндеті бейнелеу өнері сабағына бір жылдық календарлық жоспарды көрнекі түрде орындау, яғни әрбір тақырыпты композициялы бейнелеп көрсету.

Иллюстрациялық жоспар-бұл өзіне жараса график, төрт жылдан түзілген болып олар тоқсандықтардың санын білдіреді. Ал тоқсандықтар жетілікке немесе аптаға бөлінеді. Әр аптабөлімде сол тақырыпты білуге тиіс оқу материалдары және үлгі тапсырмалар беріледі. Сондай-ақ бөлімнің өзі бірнеше түрлерден тұрады (нәрсені жазықтықта бейнелеу, мүсіндеу, қолөнер, тақырып бойынша сурет салу және өнер туралы әңгіме).

Бағдарлама бойынша 2-сынып үшін жылдық сағат саны 34 болып төмендегідей бөлінген:

Сабақ түрлері	Жылдық сағат саны
• Нәрсеге қарап сурет салу	12
• Сәндік сурет салу	8
• Тақырып бойынша сурет салу	10
• Мүсіндеу	4
• Бейнелеу өнері туралы әңгіме	-

Барлығы: 34

Тоқсандықтардың қай уақыттан басталауын көріп шығамыз.

I-тоқсан: 2-қыркүйектен-4-қарашаға дейін-8-жетілік.

II-тоқсан: 10-қарашадан-29-желтоқсанға дейін-7-жетілік


III-тоқсан: 12-қаңтардан-23-наурызға дейін-11-жетілік

IV-тоқсан: 1-сәуірден-25-мамырға дейін-8-жетілік


Демек ең ұзақ және көп уақытты алатын үшінші тоқсан болады.

Бағдарламада көркем өнер туындыларының тізімдері үлгі ретінде берілген, сондықтан жылдық иллюстрациялық үлгі жоспарын ұсынамыз. (мысалы 2-сынып үшін).


№	САҒАТ ТҮРЛЕРІ	ТАҚЫРЫПТАР	САҒАТ	МАТЕРИАЛ
1	2	3	4	5
І-тоқсандық				
1	Заттың өзіне қарап сурет салу	Жеміс-жидектер: алма, қияр, сәбіз,	I	қалам, бояу
2	Нәрсенің өзіне қарап сурет салу	Ағаш жапырақтары	I	қалам, бояу
3-4	Сәндік сурет салу	Өсімдіктерден Ою-өрнек құрастыру	II	Қарындаш, бояу
5	Нәрсенің өзіне қарап сурет салу	Кітап, сызғыш, дәптер	I	Қарындаш
6	Мүсіндеу	Жапырақтың рельефін	I	Пластлин.
7-8	Тақырап бойынша сурет салу	Тұрмыстық тақырыбына сюжетке композиция құрастыру	II	Қарындаш бояу




51-сурет



52-сурет




53-сүрөт




54-сүрөт


1	2	3	4	5
II-тоқсандық				
9	Мүсіндеу	«Қоян» мүсінін жасау	I	Пласталин
10	Тақырып бойынша сурет салу	«Жаз келді»	I	Бояу
11	Сәндік сурет салу	Шеңбер ішіне ою-өрнек пен әшекейлеу	I	Бояу
12	Сәндік сурет салу	Шеңбер ішіне ою салу және әшекейлеу	I	Бояу
13	Жаңа ойыншақтардың суретін салу	Әр түрлі ойыншақтардың суретін салу	I	Бояу
14	Жаңа жыл шыршалырының суретін салу	Әр түрлі шырша және аяз аталардың суретін салу	I	Бояу



55-сурет




56-сурет




57-сурет


1	2	3	4	5
III-тоқсандық				
16	Тақырып бойынша сурет салу	«Қысқы ауыл бейнесі» «Қысқы ойындар»	I	Қарындаш, бояулар
17	Заттарға қарап сурет салу	Үй жануарларын бейнелеу	I	Түрлі материалдар
18	Мүсіндеу	«Түйе», «Ат» мүсінін жасау	I	Пластелин
19	Сәндік сурет салу	«Түйе табан» оюынан өрнектер құрастыру	I	Қарындаш, бояу
20	Заттарға қарап сурет салу	Кішкене доптың суретін салу	I	Қарындаш
21	Сәндік сурет салу	Табақшаны ою-өрнекпен әшекейлеу	I	Қарындаш, бояу
22	Заттарға қарап сурет салу	«Аквариумдегі балықтар»	I	Қарындаш, бояу
23	Заттарға қарап сурет салу	«Құстар»	I	Қарындаш, бояу
24	Тақырап бойынша сурет салу	«Көктем келді»	I	Қарындаш, бояу
25	Сәндік сурет салу	«Қошқар мүйіз» оюымен өрнектер құрастыру	I	Қарындаш, бояу
26	Тақырап бойынша сурет салу	Қазақ халық ертегілеріне иллюстрация жасау	I	Қарындаш, бояу




58-сүрөт



59-сүрөт




60-сүрөт




61-сүрөт


IV-токсандық				
27	Заттарға қарап сурет салу	«Сағат» суретін салу	I	Қарындаш,
28	Мүсіндеу	«Аю» мүсінін жасау	I	Пластилин
29	Заттарға қарап сурет салу	«Балта», «Балғаның» өзіне қарап суретін салу	I	Қарындаш,
30	Тақырап бойынша сурет салу	Қазақ халық ертегілеріне иллюстрация істеу	I	Қарындаш, бояу
31	Сәндік сурет салу	Сандықты ою- өрнектермен әшекейлеу	I	Қарындаш, бояу
32	Тақырап бойынша сурет салу	«Зоопаркте»	I	Қарындаш, бояу
33	Заттарға қарап сурет салу	Ыдыс-аяқтар мен жемістерден түзілген натюрморт	I	Қарындаш, бояу
34	Тақырап бойынша сурет салу	«Циркте»	I	Қарындаш, бояу
☐ - Заттарға қарап сурет салу. ☐ - Сәндік сурет салу. ☐ - Тақырап бойынша сурет салу. ☐ - Әңгімелеу. ☐ - Мүсіндеу.				




62-сурет



63-сурет



64-сүрөт



65-сүрөт

Натураға қарап сурет салу сабақтарында ойын-тапсырмаларын пайдалану.

Натураға қарап сурет салу – бейнелеу өнерін оқытудың негізі. Нәрсе, зат формасында перспективті бейнелеу білу, оның пропорциясын, тоналдық және түстер қатынасын дұрыс көрсету сияқты бейнелеу өнері пәнін оқыту процесінде шешілуге тиісті проблемалар негізінен осы натураға қарап сурет салу сабақтарында шешіледі. Нәрсені зат формасын, көлеңке, жарықтық таралу заңдылықтарын, түстер өзгерісін зерттеуге мүмкіндік туады. Оқушылардың графикалық іскерлік пен дағдыларды меңгеруі натураға қарап сурет салу сабақтарында іске асырылады.

Ойын-тапсырмаларын пайдалану натураға қарап сурет салу сабақтарын түрлендіре өтуге, оптималдандыруға үлес қосады. Оқушылардың графикалық жұмыстарын талдау олардың кеңістік сыпатын түсінбеулеріне байланысты қателіктер жіберетінін көрсетеді. Затқа не нәрсеге қаппап сурет салу сабақтарында оларға зат көлемін, сол нәрсенің кеңістік орналасуын бейнелеу оңайға түспейді. Балалар кейде зат контурын бейнелеумен шектеліп, жарық пен көлеңкенің түсу деңгейін көрсете алмайды. Формат таңдауда да көптеген қателер жібереді. Осы сияқты қателердің алдын алу үшін мына сияқты ойын-тапсырмаларын сабақ барысында пайдалануға болады:

1. Кеңістікте орналасуы анық байқалатындай етіп бейнеленген түрлі көріністерге сәйкес формат таңдау. Мысалы, жираф, кран немесе қозғалыстағы адам көрінісі. Мұнда жираф және кранға сәйкес формат тігінен, ұзын етіп алынады. Қозғалыстағы адам көрінісіне арналған формат адам қозғалысына сәйкес болады, артқы жағымен салыстарғанда алдыңғы бөлігінен көбірек орын қалдырылады. Осы сияқты тапсырмаларды натура ретінде қоюға арналған заттарды түрлі варианты орналастырып оған қандай формат сәйкес екендігін оқушылардан ауызша сұрау арқылы да жүргізуге болады. Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың зат не нәрсе көрінісі мен формат /пішін/ арасындағы байланыс туралы түсінігі тереңдей түседі.

2. Магнитті тақтаға горизонт сызық сызылады. Оның бетіне бірнеше геометриялық дене көрінісін орналастыру керек. Бірнеше цилиндр, призма көрінісі қағаздан қырқып жасалады. Цилиндр көрінісі тік төрт бұрышты етіп бейнеленген болса, онда ол кесе /горизонт/ сызықтың үстіне орналастырылады. Беті көрініп тұрған болса, онда кесе /горизонт/ сызықтың төменгі бөлігіне, егер беті тым үлкен болып көрініп тұрған болса онда ең төменгі бөлігіне орналастырылады.

Осы тапсырманы төртінші-алтыншы сынып оқушылары үшін былайша өзгертуге болады. Горизонт сызық тақтаға сызылады. Тақтаға екі үш оқушы шығарылады да оларға бір уақытта тапсырма беріледі. Мысалы, горизонт сызығынан жоғары орналасқан телевизор немесе үй көрінісін салу.

3. Электронды не электрлендірілген таблицаға қарай отырып көлеңке түрлерін көрсету. Жауап дұрыс болған жағдайда лампа жануы тиіс. Бұл стенді бейнелеу өнерінен барлық сыныптар бойынша тұрақты пайдаланып отыруға болады.

Қандай зат, нәрсе болсын оның формасы бізден алыстаған сайын кішірейіп көрінеді. Бұл құбылыс перспектива заңдылығына байсанысты. Бейнелеу барысында өлшемдердің перспектива қысқаруына назар аудару керек. Табиғаттағы өлшемдер қатынастары әр түрлі. Мысалы, өлшемдері бірдей заттардың алыста тұрғандары жақындағысына қарағанда әлдеқайда кіші болып көрінеді.

Заттардың кеңістіктегі көрінісін бейнелеуде сол нәрсенің бізден алыс немесе жақын орналасқындығын көрсете білудің орны ерекше. Мысалы, бейнелейтін үш зат стол бетіне орналасқан. Бейнелеу өнерінде «алдыңғы көрініс», «ортаңғы көрініс», «соңғы көрініс» деген ұғымдар кеңістік ұғымын білдіреді. Кеңістіктегі суретшіге ең жақын орналасқан заттардың бейнесі алдыңғы көрініс деп, ал ол көріністердің арғы жағындағы бейнелер ортаңғы және соңғы көріністер деп аталады. Заттардың кеңістіктегі орналасу қалпын көрсету үшін, алдыңғы көріністердегі бейнелер анық етіп штрихталып, соңғы көріністердегі бейнелер оған қарағанда бұлыңғырлау етіп көрсетіледі. Оқушылар сурет салу кезінде перспектива заңдылықтарын білмегендіктен кемшіліктері осыған байланысты болып жатады. Төмендегідей ойын – тапсырмаларын пайдалану осы қателіктерді жоюға игі әсер етеді.

1. Кубтың алдыңғы қабырғасы және түйісу нүктесі бейнеленген. Осы көрініске қарай отырып кубтың кеңістіктегі көрінісін салу.
2. Түрлі қарапайым және күрделі формалы бұйымдардың сыртқы көрінісіне қарай отырып көрінбейтін қабырғаларын сызып көрсету және горизонт сызығын табу.
3. Құмыраның сыртқы көрінісіне қарай отырып бетін және табанын салу. Мұнда шеңбердің горизонт сызығына байланысты орналасуы ескертіледі.
4. Фотосуреттерге қарай отырып горизонт сызығын табу және онда бейнеленген бұйымдардың көрінбейтін қабырғаларын сызып көрсету.
5. Нәрсенің не нәрсенің өз көлеңкесі және жерге түсіп тұрған көлеңкесі қате орындалған жұмыстары көптеп пайдаланылады. Ойын оқушы мұғалім ролін атқаратындай етіп ұйымдастыруға болады.

Кеңістікте орналасқан қандай заттың болсын белгілі бір формасы, пішіні болады. Сурет салар алдында нәрсе не зат формасына талдау жасалады. Бұл зат не нәрсе формасын дұрыс бейнелеуге игі әсер етеді. Бірақ оқушылар көп жағдайларда геометриялық денелердің формаларын, атын біле бермейді. Геометриялық денелерді фигуралармен шатастырады. Күрделі формалар үлкенді–кішілі бірнеше бөліктерден тұрады. Зат бізден алыс тұрса ұсақ

бөлшектері анық көрінбейді. Заттың кеңістіктегі осындай қалпын көртеген оқушылар штрихтармен дұрыс көрсете алмайды.

Бейнелеу орында техниаксымен байланысты. Дөңес формаларды түзу сызықтармен штрихтау, жарық пен көлеңкенің дөңес жазықтық шегарасын контур сызықпен бөліп қою сияқты қателіктер жібереді. Төмендегідей ойынтапсырмаларын қажеттілігіне қарай пайдаланып отыру оқушылардың «формат», «пропорция», «көлеңке-жарық» туралы ұғымдарын тереңдете түсуге үлес қосады.

1. Геометриялық денелер мен фигуралар бейнеленген стендтің төменгі бөлегіне олардың аты жазылған және әріптермен белгіленген. Геометриялық денелер мен фигуралар бейнеленген квадраттан санмен белгіленген. Мысалы, цилиндр А әрпімен белгіленгендігін айту керек. Бұл стендті сызу пәні бойынша да пайдаланып отыруға болады.
2. Берілген бұйымдардың қандай геометриялық денелерден құралғанын санап шығу.
3. Геометриялық денелер мен басқа да күрделі бұйымдардың сымнан жасалған модел суретін салу, осыған ұқсас етіп бүтін бұйымға қарай отырып конструкциялық құрылысын сызып көрсету.
4. Бір неше штрихталған көріністерді бір-бірімен салыстыра отырып қателіктерді табу.
5. Берілген жазық фигураны басшылыққа ала отырып құрамында осы фигура болатын бұйым көрінісін салып көрсету.
6. Геометриялық фигура салынған өлшемі 40-40 мм. Болатын он алты квадрат картоннан қырқып жасалады. Жарысушы оқушыларға үлгіге қарай отырып тез арада өрнек құрастыруды тапсыруға болады.

ОЙЫН ЭЛЕМЕНТІ АРАЛАС ТАПСЫРМАНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ӨТКІЗІЛГЕН САБАҚ ҮЛГІСІ.

Сабақ тақырыбы: Құмыра, табақ және алма суретін салу.

Сабақ мақсаты:

1. Зат не нәрсе формасы туралы түсінік беру.
2. Заттардың суретін салу барысында олардың кеңістікте орналасуын дұрыс көрсетуге үйрету.

Сабақ көрнекілігі: Нұсқа ретінде қоюға арналған құмыра, табақ, алма. Геометриялық денелер мен фигуралар жиынтығы. Оқушылардың салған жұмыстары. Құмыра формасын шартты түрде қарапайым геометриялық денелерге жіктеу барысы көрсетілген оқу таблицасы.

Сабақ барысы: Натура қоюға арналған столға құмыра, табақ, алманы барлық оқушыларға көрінетіндей етіп орналастырылады. Нұсқаның артқы жағына заттар анық көрінетіндей етіп ашық түсті мата ілінеді. Мұнан соң оқушыларды қатынастыра отырып нұсқа ретінде қойылған заттар формасына талдау жасалады.

Балалар, барлық көлемді денелердің өзіне тән формасы болады. Мысалы, алма-шарға, шелек-қиық конусқа, жәшік формасы призмаға ұқсас болып келеді. Ал күрделі формалы бұйымдар бірнеше геометриялық денелер формасынан құралғандай болады. Мысалы, үй-үш бұрышты және төртбұрышты призма формасы жиынтығына, ағаш балға /кианка/ призма және цилиндр формасы жиынтығына ұқсайды. Осылайша күрделі формаларды ойша қарапайым геометриялық денелерге жіктеу оның формасына, конструкциялық құрылымына талдау жасау, ол заттың бейнесін дұрыс көрсетуге көмектеседі. Нұсқа формасын, пропорциясын үлкен дәлдікпен бейнелеу натурға қарап сурет салуда қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Жаңа сабақты түсіндіріп болған соң ойын тапсырманы өткіземіз. Нәрсе формасы қандай екендігі сөзбен бейнелененіп көрсетілген бірнеше карточка таярланады. Тақтаға үш-төрт оқушы шақырылады, олар бір-бір карточкадан алып ондағы сөзбен бейнеленген зат формасын тақтаға салып көрсетеді. Мысалы, бір карточкада «Құмыра формасы бір остің бойына орналасқан қиық конус, шар және цилиндр формасынан құралған» деп көрсетіледі. Бірінші орындап болған оқушы марапатталады, бағаланады. Кейбір оқушылар геометриялық дене формасын есіне түсіре алмағандықтан тапсырманы орындай алмайды. Ол оқушыға сыныптағы басқа оқушылар көмектеседі. Нұсқаға қарап сурет салу сабақтарында ойын тапсырмаларын пайдалану сабақты ұтымды өткізу үшін қолданылатын педагогикалық құралдардың бірі. Тиімді ойын түрлерін іздестіру, құрастыру оны сабақта орнымен пайдалана білу мұғалімнің ізденісі мен шеберлігін қажет етеді.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАША ТЕРМИНАЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

АКВАРЕЛЬ	«Аквафель» деген атау латынның «адиа» /су/ дейтін сөзінен шыққан. Бұл сөз суға езілетін бояуды да, сол бояумен салынатын шығармаларды да білдіреді.
АНИМАЛИСТ	Андар мен құстарды бейнелейтін суретшілерді анималистер деп атайды. Ол латынның «анимал» /хайуанат/ деген сөзінен шыққан.
БЮСТ	Адамдардың кеудеден жоғарғы тұлғасын ғана бейнелейтін мәрмәр, қола немесе ағаш мүсіндерді бюст деп атайды.
ГРАВЮРА	Гравюра—бетіне белгілі бір өрнек салынған тақтайдан көшірілген бедер сурет. «Гравер»- французша бірдеңені ою, нақыштау деген сөз.
ГРАФИКА	Графика деген сөз гректің «графо»-- «жазамын» «суретке саламын» деген сөзінен шыққан. Қаламмен, тушпен бір нәрсенің бетіне сызып түсірген сурет.
ГУАШЬ	Гуашь—акварель сияқты суға езіп жазылатын бояудың түрлерінің бірі болып ақ ұнтақтан әзірленген. Бірақ қағаз бетіне мөлдіреп түспей, қалың жағылады. Жаққан бояу ұнамаса басқа бір түсті үстінен жағып өзгертуге болады.
ЕСКЕРТКІШ	Ескерткіш—манументтік тас мүсін болып, тарихи оқиға мен белгілі бір атақты адамға тиісті орындалады.
ЖАНР	Суретшілер шығармаларында нені бейнелегеніне қарап жанрға бөлінеді. Кей суреттерде жемістерді, гүлдерді, тұрмыстық заттарды бейнелесе – натюрморт, ал табиғат шулығын кескіндесе – пейзаж дейміз. Тағы да бейнелеу өнерінде тарихи, батальдық(соғыстық), тұрмыстық, портрет жанрлары бар.
ИЛЛЮСТРИЦИЯ	Иллюстрация латын сөзінен көрнекі бейнелеу, суреттеу деген мағынаны білдіреді. Кітаптағы суреттерді иллюстрация деп атайды.
ИНТЕРЬЕР	«Интерьер» үйдің ішкі бөлігін безендіру. Ол француздың «ішкі» деген мағынасын білдіретін сөзі.
КОЛОРИТ	Шығармаларда әр әлуан бояулардың белгілі бір үйлесім табуын колорит деп атаймыз.
КОНТРАСТ	Жарық пен көлеңкенің арасындағы айқын қарама-қайшылық контраст деп аталады.
КОМПОЗИЦИЯ	Композиция—деген картинада бейнелейтін көріністер бейнесін белгілі бір ретпен орналастыру, үйлестіру, құрастыру деген ойды білдіреді. Композиция деген «Компоситио» --ойлап шығару, құрастыру деген мағынаны білдіретін латын сөзі.
МИНИАТЮРА	Ескі қолжазба кітаптардың беттерінде айтылып отыратын оқиғаны

	бейнелейтін суреттерді миниатюра деп атайды.
МОЗАИКА	Мозаика—асыл тастар немесе басқа бір асыл шынының түрлі-түсті сынықтарынан құрастырылған сурет.
МҮСІН ӨНЕРІ	Мүсін өнерін скульптура дейді. Ол латынның «Скупере»-- «қашау» деген сөзінен шыққан. Мүсіндер шығармасы тастан, мәрмәрдан қашау арқылы жасалады.
НАТЮРМОРТ	Натюрморт—тұрмыстағы заттарды, жемістерді, гүлдерді, өлі жануарларды бейнелейтін картиналар. Натюрморт француздың өлі табиғат деген ұғымын білдіреді.
ОЮ - ӨРНЕК	«Ою – өрнек»--симметрия немесе ритм ережесіне сәйкес суреттер мен сызықтардың белгілі бір тәртібімен орындауы. Ою – өрнектер табиғат жеміс-жидектері, құстар мен аңдардың формасын стильдеу арқылы түзіледі.
ПЕЙЗАЖ	Пейзаж—бейнелеу өнерінің жанрларының бірі. Мұнда өлкелердің көрінісін, табиғаттың мінез-құлқын айнытпай бейнелеп көрсетіледі. Пейзаж түрлері ауылдық, қалалық, индустриалдық, таулы болып келеді.
ПЕРСПЕКТИВА	«Перспектива» табиғаттағы заттар өлшемдерінің көрушіден алыстаған сайын кішірейіп, бояу түрінің бұлыңғыр болып көріну құбылысы және оны бейнелеу әдісі. Перспектива латынның «перспигерс»--тасадағыны көре білу деген сөзінен шыққан.
ПЛАКАТ	Плакат бұл сурет болып, қысқа да тұжырымды орындалады. Ол ең жаңа, ең қызықты, ең маңызды оқиғалармен мәліметті хабарлайды.
ПОРТРЕТ	Бейнелеу өнерінде нақты бір адамның /немесе адамдар тобының/ сыртқы тұлғасын, кейпін бейнелеуді портрет деп атайды.
ПРОПОРЦИЯ	«Пропорция» зат өлшемдерінің сәйкестігін білдіреді. Ол латынның «проиортино» үйлесім, сәйкестік деген ұғымын білдіреді.
ПРОФИЛЬ	Адамның бетін бір қырынан қарап бейнелеуді профиль деп атайды.
РЕЛЬФ	Рельф мүсін өнерінің бір түрі болып екіге бөлінеді: барельеф пен горельефке. Егер әлгі тұлғалар кеңістіктен өз қолындағының жарым-жартысындай ғана шығып тұрса, онда ондай бейнені барельеф дейді, ал жарым-жартысынан гөрі көбірек шығып тұрса, горельеф дейді.
РЕПРЕДУКЦИЯ	Репредукция—картиналарды қайтадан көп дана етіп басып шығару деген сөз. Бірақ олар өнер туындыларының түпнұсқасы емес.

Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р

1. Барщ А.О. Рисунок в средней художественной школе. Н., Искусство, 1960.
2. Беда Г.В. Основы изобразительной грамоты. М.,1981.
3. Булатов С. Ганчкорлик, наққошлик ва ёғоч уймакорлигига оид атамалар изохли луғати.Т.,Мехнат, 1991.
4. Гагарин Б.Г. Конструирование из бумаги. Ташкент., 1988.
5. Ералин К. Тастемиров К. Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың кеңістік туралы түсінігін қалыптастыру. Алматы. «Өнер», 1987.
6. Ералин К. Абдирасилов С. Художественно-профессиональная подготовка тудентов средствами изобразительного искусства Казахстана. М., Прометей, 1991.
7. Инагамов А. Ражабов Р. Тасвирий санъатдан бошланғич билим асослари. Абдирасилов С. Ташкент, 1992.
8. Ыбырайымқұлов Б. Көркемдік көкжиегі. Алматы, Жазушы, 1977.
9. Каменева Е. Кемпірқосақтың түсі қандай. Алматы, Өнер, 1981.
10. Кузин В.С. Методика преподавания изобразительного искусства в 1-3 классах.М., 1979.
11. Кальнинг А.К. Акварельная живопись. М.Искусство, 1968.
12. Қодирхужаев Мактабда бадий безаш ишлари.Т. Уқитувчи, 1991.
13. Мекішев Б. Әлемнің жеті кереметі. А., 1982 ж.
14. Набиев М. Азимова Б Расм чизишни ургатиш методикасы. Т., 1976.
15. Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе: Учебное пособие для студентов Художественно графических факультет педагогических институтов. М.,1980.
16. В.С.Кузин. Основы обучения изобразительному искусству в школе. М., Просвещение, 1983 г.
17. Н.Н.Ростовцев. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. М.,Просвещение, 1980 г
18. Ералин Қуандық Бейнелеу өнері сабақтарында ойын-
19. Бүркітбаев Талғат тапсырмаларын пайдалану. Шымкент – 1989 ж.
20. Б.Бойметов. Ҳайкалтарошлик – 2003 ж.
21. Р.Ҳасанов. Тасвирий санъат асослари. Тошкент – 2009.
22. Р.Ҳасанов. Тасвирий санъатни уқитиш методикасидан амалий машғулотлар. Иккинчи қисм. Тошкент – 2006.
23. Р.Ҳасанов. Тасвирий санъатни уқитиш методикасидан амалий машғулотлар. Тошкент - 2006.

Мазмұны

1. Кіріспе.
2. Педагогикалық суреттер.
3. Бейнелеу өнері туралы әңгімелеу.
4. Қағаз пластикасы.
5. Қағаз пластикасы әліппесі.
6. Көгершін.
7. Қоян.
8. Қурбақа.
9. Балық.
10. Адамның суретін салу.
11. Адам бет пішінінің пропорциясын ұсынамыз.
12. Тақырып бойынша сурет салу.
13. Құмыраның суретін салудың методикалық басқыштары.
14. Бейнелеу өнерінің жылдық иллюстрациялық үлгі жоспары (2-сынып ұшын).
15. Натураға қарап сурет салу сабақтарында ойын тапсырмаларын пайдалану.
16. Бейнелеу өнерінде қолданылатын қысқаша терминологиялық сөздік.
17. Әдебиеттер.